

## Шелек ауылдық округінің Шелек ауылындағы "Жобаланған-7" атауы жоқ көшеге атау беру туралы

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Шелек ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 17 қарашадағы № 67 шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Еңбекшіқазақ ауданы Шелек ауылдық округі Шелек ауылдық округі Шелек ауылының халқының пікірін ескере отырып және 2025 жылғы 11 маусымдағы облыстық ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде, Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Шелек ауылдық округінің әкімі ШЕШТІМ:

1. Еңбекшіқазақ ауданы Шелек ауылдық округінің Шелек ауылындағы "Жобаланған-7" атауы жоқ көшесінің атауы "Бақыт Баймұханов" көшесі болып қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шелек ауылдық округ әкімі*

*А. Дауткулов*